

**"Жалпы пайдаланылатын энергия тасымалдау желілерін кеңейтуге және қайта жаңартуға арналған энергия беруші ұйымның шығындарын қайтарымды негізде өтеу ережесін бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Табиғи монополияларды реттеу агенттігі төрағасының 2007 жылғы 21 ақпандағы N 54-НҚ бұйрығына өзгерістер енгізу туралы**

### *Күшін жойған*

Қазақстан Республикасы Табиғи монополияларды реттеу агенттігі Төрағасының 2007 жылғы 27 шілдедегі N 197-НҚ Бұйрығы. Қазақстан Республикасының Әділет Министрлігінде 2007 жылғы 16 тамызда нормативтік құқықтық кесімдерді мемлекеттік тіркеудің тізіліміне N 4878 болып енгізілді. Күші жойылды - Қазақстан Республикасы Табиғи монополияларды реттеу агенттігі төрағасының 2010 жылғы 28 қыркүйектегі № 286-НҚ бұйрығымен.

**Күші жойылды - Қазақстан Республикасы Табиғи монополияларды реттеу агенттігі төрағасының 2010.09.28 № 286-НҚ бұйрығымен.**

"Табиғи монополиялар туралы" Қазақстан Республикасы Заңының 13-бабы 1-тармағының 3) тармақшасына және Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2004 жылғы 8 қазандағы N 1044 қаулысымен бекітілген Электр энергетикасы қондырғылары объектілерін қайта жаңарту мен кеңейту үшін қосымша қуаттарды қосу және шығындарды өтеу ережесінің 8-тармағына сәйкес **БҰЙЫРАМЫН:**

1. "Жалпы пайдаланылатын энергия тасымалдау желілерін кеңейтуге және қайта жаңартуға арналған энергия беруші ұйымның шығындарын қайтарымды негізде өтеу ережесін бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Табиғи монополияларды реттеу агенттігі төрағасының 2007 жылғы 21 ақпандағы N 54-НҚ бұйрығына (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде N 4578 нөмірмен тіркелген, Нормативтік құқықтық актілер бюллетенінде жарияланған 2007 жылғы сәуір, 251-құжат N 4), мынадай өзгерістер енгізілсін:

көрсетілген бұйрықпен бекітілген Жалпы пайдаланылатын энергия тасымалдау желілерін кеңейтуге және қайта жаңартуға арналған энергия беруші ұйымның шығындарын қайтарымды негізде өтеу ережеде :

10-тармақта "он үшінші" деген сөз "отыз жетінші" деген сөздермен ауыстырылсын;

12-тармақтағы "0,3 x" деген сан алып тасталсын.

2. Қазақстан Республикасы Табиғи монополияларды агенттігінің Электр және жылу энергетика саласындағы реттеу және бақылау департаменті (А.В. Шкарупа

) осы бұйрықты Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінде заңнамада белгіленген тәртіппен мемлекеттік тіркеуді қамтамасыз етсін.

3. Қазақстан Республикасы Табиғи монополияларды реттеу агенттігінің Әкімшілік жұмысы және талдау департаменті (Е.О. Есіркепов) осы бұйрық Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде мемлекеттік тіркелгеннен кейін :

1) оны белгіленген тәртіппен ресми бұқаралық ақпарат құралдарында жариялады қамтамасыз етсін;

2) оны Қазақстан Республикасы Табиғи монополияларды реттеу агенттігінің құрылымдық бөлімшелері мен аумақтық органдарының назарына жеткізсін.

4. Осы бұйрықтың орындалуын бақылау Қазақстан Республикасы Табиғи монополияларды реттеу агенттігі төрағасының орынбасары Н.Ш. Алдабергеновке жүктелсін.

5. Осы бұйрық алғаш рет ресми жарияланған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі.

*Төраға*